

«КЕЛІСІЛДІ»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің Ректор өкілі
Пейами Баттал

«28» 01 2024 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректоры
Ж.Темирбекова

«28» 01 2024 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-102-2024

СТУДЕНТТІК ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ КОНКУРСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 Коммерцияландыру офісімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
- 2 Әзірлеген – Коммерцияландыру офісінің директоры А.Исаков
- 3 Келісілді – Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры
А.Ошибаева
– Академиялық мәселелер вице-ректоры Ә.Идрисова
– Қаржы және Халықаралық байланыстар вице-ректоры
М.Нурсой
– Қаржы департаментінің бас бухгалтерінің м.а.
Қ.Төребай
– Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
– Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының
басшысы С.Қырықбаева
- 4 ЕНГІЗІЛДІ – 2024
- 5 Тексеру мерзімі – 2026

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан 2024 ж.

16

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті
Сапа менеджментінің жүйесі
№ 213
ЖҰМЫС ДАНАСЫ
«28» 01 2024 ж.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-102-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Студенттік инновациялық жобаларды коммерцияландыру конкурсын ұйымдастыру ережесі		11 беттің 2-ші беті

МАЗМҰНЫ

1. Қолданылу саласы	3
2. Нормативті сілтемелер	3
3. Атаулар, шартты белгілер және қысқартулар	3
4. Жауапкершілік және өкілеттілік	3
5. Жалпы ережелер	4
6. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі	4
7. Конкурстық комиссия функциясы	6
8. Конкурса қатысу тәртібі, жеңімпаздарды анықтау, қатысушылар құқықтары	6
9. Өзгерістерді енгізу тәртібі	7
10. Келісу, сақтау және тарату	7

3. АТАУЛАР, ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚА RTУЛАР

Осы Ереженің шарттарындағы терминдер және анықтамалар төбесі:

ҚР - Қазақстан Республикасы;

ОПК - оқытушы-профессорлар құрамы;

ЖОУ - Жоғары оқу орталығы;

ҚР ҒАБМ - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;

Конкурс - Студенттік инновациялық жобаларды коммерцияландыру конкурсын;

Университет - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

Ереже - Студенттік инновациялық жобаларды коммерцияландыру конкурсын ұйымдастыру ережесі;

КП - қызметін аяқтаған процедуралар;

ГЖ - ғылыми-зерттеу жобалары;

КО - Коммерцияландыру офисі;

КК - Конкурстық комиссия;

СМЖ - Сапа менеджменті жүйесі;

Білім Алушылар - студенттер, магистранттар, докторанттар;

Ұйымдастырушы - Коммерцияландыру офисі;

Бюджет - Ұлттық мемлекеттік бюджеті;

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

Университеттегі осы Ереже талаптарымен сәйкестігіне Ғылым және стратегиялық даму министрлігі жанындағы Білім және ғылым министрлігі. Ұйымдастыру жұмыстарымен Коммерцияландыру офисі, Оқу-зерттеу және ғылым және жоғары білім министрлігінің міндетіне.

10

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-102-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Студенттік инновациялық жобаларды коммерцияландыру конкурсын ұйымдастыру ережесі		11 беттің 3-ші беті

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл Ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің білім алушылардың арасында өткізілетін Студенттік инновациялық жобаларды коммерцияландыру конкурсының (ары қарай-Конкурс) мақсатын, міндеттерін, конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

1.2 Конкурсты ұйымдастыруды және өткізуді Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің (ары қарай-Университет) Коммерцияландыру офисі (ары қарай-Ұйымдастырушы) жүзеге асырады. Осы Ереже университеттің Конкурста қызығушылық танытқан тұлғаларына және білімгерлеріне қолданылады және ұсынылады. Ереже Университеттің ресми сайтында жарияланады.

2. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)

Университет Конкурсты ұйымдастыру және өткізу барысында келесі нормативті құжаттарды: Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы, Қазақстан Республикасының Ғылым туралы заңы, Қазақстан Республикасының Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы заңы. Қазақстан Республикасының патент заңы және басқа да ҚР нормативті құқықтық актілері мен ғылыми жұмыстарды реттеуші жергілікті нормативті актілерді, Университет Жарғысын, Университет Ректорының бұйрықтары мен өкімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

- ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжаттандырылған ақпараттарды басқару;

3. АТАУЛАР, ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл Ережедегі пайдаланылған терминдер және анықтамалар тізбесі:

ҚР - Қазақстан Республикасы;

ОПҚ - оқытушы-профессорлар құрамы

ЖОО - Жоғары оқу орындары

ҚР ҒжБМ - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

Конкурс - Студенттік инновациялық жобаларды коммерцияландыру конкурсы

Университет - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Ереже - Студенттік инновациялық жобаларды коммерцияландыру конкурсын ұйымдастыру ережесі

ҚП - құжаттандырылған процедура

ҒЗЖ - ғылыми-зерттеу жұмыстары

КО - Коммерцияландыру офисі

КК - Конкурстық комиссия

СМЖ - Сапа менеджмент жүйесі

Білім Алушылар – студенттер, магистранттар, докторанттар

Ұйымдастырушы – Коммерцияландыру офисі

Байқау – Үздік идеялар байқауы

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

Университеттің осы Ережесі талаптарының енгізілуіне Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры жауапты болып табылады. Ұйымдастыру жұмыстарымен Коммерцияландыру офисі, Факультет декандары, кафедра меңгерушілері айналысады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-102-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Студенттік инновациялық жобаларды коммерцияландыру конкурсын ұйымдастыру ережесі		11 беттің 4 -ші беті

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Студенттік инновациялық жобаларды коммерцияландыру конкурсын ұйымдастыру ережесі (бұдан әрі-Ереже) Университеттің ғылыми инновациялық жобаларды коммерцияландыру конкурсын өткізумен байланысты ұйымдастырушылық жұмыстарын реттеп отырады.

5.2 Конкурсқа бір идея авторы және 5 адамнан артық емес авторлар тобын құрайтын университеттің білім алушылары қатыса алады. Әр қатысушы екі өтінімнен артық өтінім бере алмайды.

5.3 Конкурсқа жаңа ғылыми, инженерлік, ғылыми-зерттеу немесе қолданбалы нәтижелерден тұратын тәуелсіз жобалар ұсынылады. Конкурсқа нәтижелері коммерциялық пайдалануға бағытталған жаңа материалдар, бұйымдар, процестер, құрылғылар, қызметтер, жүйелер немесе әдістерді жасауға және оларды әрі қарай жетілдіруге бағытталған ғылыми жобалар қабылданады. Реферат түріндегі жұмыстары қабылданбайды.

5.4 Конкурстың негізгі мақсаттары:

- Ел экономикасының тұрақты өсуін қамтамасыз ететін ең перспективалы инновациялар мен технологияларды анықтау және ғылыми-инновациялық қызметке қатысу арқылы жастардың шығармашылық қабілеттері мен әлеуетін ашуға және іске асыруға жағдай жасау;

- Университет білім алушыларын кәсіпкерлікке ынталандыру, кәсіпкерлік дағдыларды қалыптастыру және дамыту;

- Коммерцияландыру әлеуеті жоғары жобаларды анықтау;

5.5 Конкурстың негізгі міндеттері:

- Университет білім алушыларының ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру;

- Жастарды ғылыми-зерттеу қызметіне және техникалық шығармашылыққа тарту;

- Қазақстан Республикасының ғылыми, техникалық және әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде жастардың зияткерлік әлеуетін пайдалану үшін жағдай жасау;

- Отандық инновациялық жобаларды әрі қарай коммерциализациялау және ұлттық кәсіпорындарда өндіріске енгізу үшін жылжытуға жәрдемдесу;

- Ғылымға негізделген экономиканы дамытуға бағытталған прогрессивті және инновациялық жобаларды қолдау.

5.6 Сонымен қатар, Университеттің білім алушылары жылына 2 рет «Үздік идеялар байқауына» қатыса алады. Байқау инновациялық белсенділікті арттыруға, практикалық қызығушылық пен әлеуметтік маңызы бар инновациялық идеялар мен жобаларды анықтауға және іске асыруға бағытталған. Байқаудан іріктелген үздік, перспективалы идеялар «YASAWI» инкубациялық бағдарлама курсына тікелей жіберіледі.

5.6.1 Байқаудың негізгі талаптары:

- Байқау «YASAWI» инкубациялық бағдарлама курсы басталардан 7 күн бұрын өткізіледі.

- Комиссия мүшелері қатысушылардың презентация мен ауызша баяндамаларын тыңдап, бағалайды.

- Презентация кемінде 5 беттен тұруы қажет.

- Ауызша баяндама ұзақтығы 3 минут.

- Байқауға барлық білім алушылар қатыса алады.

6. КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

6.1 Өтінімдер төмендегі бағыттар бойынша қабылданады:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-102-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Студенттік инновациялық жобаларды коммерцияландыру конкурсын ұйымдастыру ережесі		11 беттің 5-ші беті

- жасыл энергетика (энергетика мен энергияны) үнемдеу;
- химиялық технология, нанотехнология және биотехнология;
- өндірістік және құрылыс технологиялары мен өндіріс;
- агроөнеркәсіптік инновация (өндірістік технология және өндіріс);
- IT технологиялар;
- Медицина, медициналық жабдықтар мен технологиялар, фармацевтика;
- робототехника;
- қауіпсіз көлік (жол қауіпсіздігін ұйымдастыру);
- ең жақсы лайфхак (өмірге арналған жаңа құрылғылар);
- 3D басып шығару және жаңа материалдар;
- гаджеттерге арналған мобильді қосымшалар;
- экологиялық инновациялар;
- нано-импульс-нанотехнологиядағы инновациялар;
- білім беру инновациялары
- және басқалар.

6.2 Бағалау критерийлері:

- Жоба нәтижелерінің өзектілігі мен маңыздылығы (максималды балл-10 балл);
- Жобаны өз өндірісіне ендіре білу мүмкіндігі (максималды балл-10 балл);
- Ұсынылып отырған материалдың сапасы (максималды балл-5 балл);
- Потенциалды тұтынушылардың болуы (максималды балл-30 балл);
- Қосалқы қаржыландырудың болуы (максималды балл-20 балл);
- Патентке қабілеттілік (максималды балл-20 балл);
- Презентация жасау дағдысы (максималды балл-5 балл).

6.3 Конкурс III кезеңнен тұрады:

6.3.1 I кезең: Конкурс университеттің ресми сайтында жарияланған күннен бастап 14 күн бойы өтінімдерді қабылдау жүзеге асырылады.

6.3.2 II кезеңде Конкурстық комиссия коммерциялық потенциалы жоғары өтінімдерді іріктейді.

6.3.3 Конкурстың III қортынды кезеңі келесілерді қамтиды:

- қатысушылардың презентациямен ауызша баяндамаларын тыңдау және бағалау;
- жеңімпаздарды анықтау;
- жеңімпаздарды марапаттау.

6.4 Конкурстың қорытынды кезеңіне өткен барлық қатысушылар дипломдармен марапатталады.

6.5 Конкурс жеңімпаздарына басшылық бекіткен тәртіппен қаржылай сыйлық тағайындалады.

6.6 Конкурс демеушілік қаражаттар және университет қаржысы есебінен қаржыландырады.

6.7 Жоба авторы мен Университет арасында құқықтарды реттейтін Келісімшарт түзіледі. Қаржылай сыйлықтың, кемінде 60% мөлшерін жобаға қажетті құрал-жабдықтарға, материалдарға, іс-сапар шығындарына өзге ұйымдар қызметіне жұмсау көзделеді.

6.8 Инкубациялық бағдарламасын сәтті аяқтап, сертификат алған стартап жобалар конкурстка тікелей жолдама алады.

6.9 Жұлделі перспективасы бар стартап жобалар Республикалық және Халықаралық конкурстарға қатысады.

6.10 Стартап жобаларды ары қарай дамыту үшін акселерациялық бағдармаларға қатысады және табыс табу мақсатында қажеттілікке қарай университет жанынан стартап-компания құрылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-102-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Студенттік инновациялық жобаларды коммерцияландыру конкурсын ұйымдастыру ережесі		11 беттің 6 -ші беті

7. КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯ ФУНКЦИЯСЫ

7.1 Конкурстың нәтижелерін шығару үшін университет ректорының бұйрығымен бекітілетін Конкурстық комиссия құрылады.

7.2 Конкурстық комиссияның құрамына ғалымдар, тиісті сала мамандары және аймақтық кәсіпорындардың өкілдері кіреді. Конкурстық комиссияның құрамына комиссия төрағасы, конкурстық комиссияның мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы кіреді. Комиссия хатшысының қатысушылардың жобаларын бағалауға құқығы жоқ. Конкурсқа қатысуға өтінімдердегі ақпаратты нақтылау үшін конкурстық комиссия Конкурс қатысушыларынан қосымша ақпаратты сұратуға құқылы.

7.3 Конкурстық комиссия:

- Конкурстың іріктеу кезеңіне келіп түскен жобаларды іріктейді;
- Қорытынды кезеңнің қатысушылар санын анықтайды;
- Конкурстың қорытынды кезеңнің қатысушыларының баяндамаларын тыңдайды және бағалайды;
- Конкурстың қорытынды кезеңнің қатысушыларының рейтингін жасайды және жеңімпаздарды анықтайды.

7.4 Конкурстық комиссияның жұмысы құзыретті болып саналады және оның шешімдері оның мүшелерінің көпшілігі қатысқан жағдайда жарамды деп танылады. Ұпайлар тең болған жағдайда конкурстың екінші кезеңінің жеңімпаздары конкурстық комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы анықталады.

8. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ, ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ, ҚАТЫСУШЫЛАР ҚҰҚЫҚТАРЫ

8.1 Өтінім беруші төмендегі мәліметтерді қосымша 1-ші кестеге сәйкес толтыруы қажет: (Қосымша 1)

- Жобаның толық атауы
- Қатысушы немесе қатысушылар тобының аты-жөні (толық)
- Факультеті, мамандығы, тобы, курсы
- Жобаның сипаттамасы
- Жобаның бағыты
- Жобаның мақсаттары мен міндеттері
- Жобаның өзектілігі
- Ағымдық жағдай (мәселе) және мәселені шешу жолдары
- Қаржылық негіздеме және күнтізбелік жоспар
- Өлеуметтік-экономикалық тиімділік
- Техникалық сипаттама және технологияларды сипаттау
- Зияткерлік меншік туралы ақпарат (болған жағдайда). Зияткерлік меншік құқығын растайтын құжаттар (патенттер, куәліктер және т.б.), ұсыныстар, пікірлер, жобаны мақылдау хаттамалары, бұқаралық ақпарат құралдарында, ресми ғылыми мекемелер мен мемлекеттік органдардың сайттарындағы жарияланымдарға сілтемелер (бар болса) өтінімге Document Format (PDF) сканерленген көшірме түрінде қоса беріледі. Жобаның енгізілген кезеңдерінің тәжірибелік үлгісі болған жағдайда, эскиздерін, сызбаларын, диаграммаларды, фотосуреттерді, бейнематериалдар (2минуттан артық емес), графиктерді, тестілеудің есептерін (тәжірибелердің актілерін және хаттамаларын) және т.б. қосымша тіркеу қажет.

8.2 Өтінімдерді рәсімдеуге қойылатын талаптар:

- Текст мөлшері 12 және Times New Roman көлемі барлық текст бойынша 1,25 см

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-102-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Студенттік инновациялық жобаларды коммерцияландыру конкурсын ұйымдастыру ережесі		11 беттің 7-ші беті

- Барлық жағынан ашық шеттері 2 см
- Ені бойынша түзетілген.
8.3 Өтінімдерді Коммерцияландыру офисінің электронды адресіне (yassawi_commerc@ayu.edu.kz) «Студенттік инновациялық жобаларды коммерцияландыру конкурсына» деген тақырыппен жіберу қажет.

8.4 Материалдар қазақ және орыс немесе түрік тілдерінде қабылданады.

8.5 Конкурсқа қатысушылар құқылы:

- Конкурстың шарттары мен тәртібі туралы ақпарат алуға;
- осы Ереженің ережелерін түсіндіру үшін жұмыс органымен байланысуға;
- Конкурсқа қатысу үшін материалдар жіберуге.

8.6 Конкурсқа қатысушылар міндетті:

- Конкурстың тақырыбымен алдын-ала танысуға, Конкурсқа қатысу талаптарын зерделеуге;

- осы Ереженің талаптарына сәйкес жасалған материалдарды уақтылы ұсынуға;
- осы Ережеде қарастырылған ережелер мен рәсімдерді сақтауға.

8.7 Конкурстың қорытынды кезеңіне Конкурстық комиссия іріктеген жобалар өткізіледі.

8.8 Баяндамашылар үшін регламент 7 минуттан аспайды.

8.9 Конкурстық комиссия шешімімен Конкурс жеңімпазы анықталады.

8.10 Конкурс жеңімпаздарының саны үштен артық емес.

8.11 Конкурстың өту барысы туралы барлық ақпараттар Университеттің ресми сайтында жарияланып отырады.

8.12 Өтінімдер хабарландыруда көрсетілген мерзімнен кешіктірілмей беріледі. Конкурс тақырыбына, талаптарға сәйкес келмейтін материалдар, сондай-ақ белгіленген мерзімнен кейін түскен материалдар конкурсқа жіберілмейді.

8.13 Конкурсқа жіберілген материалдар қайтарылмайды.

9. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

9.1 Университеттің осы Ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

9.2 СМЖ құжатымен танысу «танысу парағына» (Қосымша 2) және енгізілген өзгерістер «өзгерістерді тіркеу парағына» (Қосымша 3) тіркелуі тиіс.

10. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

10.1. Бұл Ереже Университеттің Сенат мәжілісінің хаттамасымен бекітіледі.

10.2. Осы Ереженің бақылау данасы Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығында, жұмыс данасы Коммерцияландыру офисінде сақталады.

20.3. Тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі КО-не жүктеледі. Осы университет Ережесінің жұмыс нұсқалары қажетті заңды және жеке тұлғаларға жіберіледі. Сонымен қатар, міндетті түрде институттар, факультеттер мен кафедраларға жолданады.

КЕЛІСІЛДІ:

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

Академиялық мәселелер



А. Ошибаева



Э. Идрисова

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-102-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Студенттік инновациялық жобаларды коммерцияландыру конкурсын ұйымдастыру ережесі		11 беттің 8-ші беті


вице-ректоры

Қаржы және халықаралық
байланыстар вице-ректоры

Қаржы департаменті бас бухгалтерінің м.а.

Заң бөлімінің басшысы

Стратегиялық даму, рейтинг және
сапа орталығының басшысы

 М. Нурсой

Қ.Төребай

Г. Мусаханов

 С.Қырықбаева

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-102-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Студенттік инновациялық жобаларды коммерцияландыру конкурсын ұйымдастыру ережесі		11 беттің 9-ші беті

ҚОСЫМША 1

1	Жобаның толық атауы	
2	Қатысушы немесе қатысушылар тобының аты-жөні (толық)	
3	Факультеті, мамандығы, тобы, курсы	
4	Жобаның сипаттамасы	
5	Жобаның бағыты	
6	Жобаның мақсаттары мен міндеттері	
7	Жобаның өзектілігі	
8	Ағымдық жағдай (мәселе) және мәселені шешу жолдары	
9	Қаржылық негіздеме және күнтізбелік жоспар	
10	Әлеуметтік-экономикалық тиімділік	
11	Техникалық сипаттама және технологияларды сипаттау	
12	Зияткерлік меншік туралы ақпарат (болған жағдайда)	

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-102-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Студенттік инновациялық жобаларды коммерцияландыру конкурсын ұйымдастыру ережесі		11 беттің 10 -ші беті

ҚОСЫМША 2
Ф-СМБ-004

Танысу парағы

[illegible]

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-102-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Студенттік инновациялық жобаларды коммерцияландыру конкурсын ұйымдастыру ережесі		11 беттің 11 -ші беті

ҚОСЫМША 3
Ф-СМБ-002

Өзгерістерді тіркеу парағы

[illegible]